

көрсетеді. Сондықтан, азаматтар арасындағы құқықтық сауаттылықты толығымен дамыту үшін, жалпы ауқымды іс-шаралар кешені қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Байжанова К.Т. Мемлекет және құқық теориясы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2004. – 99 б.

2 Жангирова Д. Құқықтық сауатты арттыруға мемлекеттік бағдарлама керек! <https://abai.kz/post/188322>

3 Шакирова А.Б., Лавничак А., Весельская Н.Р. Білім беру ортасында адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеу // Қарағанды университетінің жаршысы. – 2022. – №4(108). – Б.49.

4 Заң үстемдігі индексі. Жалпы индекстік ұпайы <https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/global>

5 World Justice Project жаңа есебі жарияланды: Қазақстан Заң үстемдігі индексында көрсеткішін жақсартты <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/news/details/870255>

6 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

7 Бакиров Д.Ә., Мырзатаев Н.Д. Қазақстандық құқықтық менталитет және құқықтық нигилизм // Қарағанды университетінің жаршысы. – 2024. – №29(113).

8 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)

9 Бейсен Смайылұлы: Құқықтық сауаттылық - әлеуметтік тұрақтылық кепілі! // <https://abai.kz/post/188253>

*Серік А.Н.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті*

*Ю-24-1к тобының студенті*

*(Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова Гулзира Төлепбергенқызы)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ**

Қоғам бір сатыда тоқтап қалмайды. Ол үздіксіз даму үстінде болады. Дамудың нәтижесі ретінде пайда болатын, адамзат қауымдастығының ең жоғарғы нысаны – мемлекет. Мемлекет жалпы әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған, әртүрлі таптардан құралған қоғамның жетілген сатысы. Билік тармақтарының және өзге де мемлекет механизміне кіретін құрамдас бөліктерінің бірлесе жұмыс істеу нәтижесінде мемлекет қызметі (функция) пайда болады. Мемлекет қызметі – мемлекеттің қоғамдағы орнын, мәнін, мағынасын анықтайтын әрекетінің басты бағыттары. Ол әртүрлі салада жүзеге асады.

Алдымен, мемлекеттің экономикалық қызметіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақстан экономикасы абсолютті түрде де, жан басына шаққанда да Орталық Азиядағы ең ірі экономика болып табылады. Қазақстанда меншік нысандары заң тұрғысынан қорғалады, жеке меншік және мемлекеттік меншік танылады [1]. Еліміздің экономикалық қызметі, шындығына келгенде, қоғам мүшелерін толық қанағаттандыратын деңгейде даму үстінде деп сеніммен айта алмаймыз. Оның бір бағыты дамуды білдірсе, екіншісін әлі игере алмай жатырмыз. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін тұрақтандырылмаған, әлемдік сын-қауіптерге толық төтеп бере алмауда. Қазақстан мұнай мен металлдың шикізат көзі болып отыр, осы байлықтан кем дегенде 60000 астам өнім өндіріледі. Бұл өндірістер халықтың күнделікті тұрмысына ауадай қажет. Мәселен, қазіргі өмірді пластик ыдыстарсыз, құрылысты – пластик есік-терезесіз, құбырсыз елестету қиын. Медицинада да, косметикада

да мұнайдың үлесі аз емес: вазелин, аспирин, ерін далабын жасауда т.б. Балауыз шам мен түрлі-түсті парафин қарындаш, пластилинмен қатар, сағызда да мұнайдың өзіндік үлесі бар. Дегенмен, аталған өнім түрлерін өндіруде Қазақстанның үлесі жоқтың қасы. Қара алтынды өндірудің шикізат көзі ғана болмай, оның құрамдас бөліктерінен өндірілетін өнімдерді өз аумағымызда өндіретін зауыт, фабрикаларды қалыптастыру орынды. Ақыры мұнай бар екен, мұнайдан шығатын өнімдерді біздің ел неге шығармасқа?

Жалпылай алғанда, Қазақстан отандық өнім шығаруды әлі игере алмай жатыр. Еліміздің оңтүстік аймақтарында мақта өндіру жолға қойылған. Бірақ, оны игеру деңгейі төмен. Қазақстан мақта өндірумен айналысса да, соның 15% ғана елде қалып, қалғаны Өзбекстанға, Турция, Қытайға экспортталады. Олар бізге мақтаны өндеп, дайын өнім ретінде қолданысқа жібереді. Мақтаның шикізат ретінде өзге мемлекеттерге сатпай, одан жіп иіру, мата өндіру, киім тігу өндірісін жолға қойсақ, бірнеше мақсат-мүдделерді іске асыруға болады. Алдымен жаңа жұмыс орындары пайда болады, екіншіден отандық өнімді тұтыну мүмкіндігін іске асырамыз. Ішкі нарықта халықты қамтамасыз ету арқылы ғана сыртқа өнім шығара аламыз.

Қазіргі таңда жастарда экономикалық салада көптеген мүмкіншіліктер бар. Егер қаласа, мемлекеттен субсидия алу арқылы өздерінің кәсібін дөңгелете алады. Жас буынға экономиканы тиімді дамытуға қолдау көрсету мемлекет тарапынан жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда туындайтын мәселе, жастардың мемлекет тарапынан берілетін мүмкіншіліктерді толық білмеуі, нәтижесінде іске асыра алмауы.

Экономика өндіріске негізделген. Өндіріс мемлекеттің күн көрісі. Ауыр өнеркәсіпке отын энергетика, құрылыс саласы, химия өнеркәсібі, түсті металлургия жатады. Қазақстанның өндірісі жер асты қазба байлықтарымен көтерілуге мүмкіндік береді. Ауыр өнеркәсіп айтарлықтай өндірісте жетекші рөл атқаруда. Еліміз бұл салада біраз жетістікке жетіп, ірі экспорттаушы елге айналды. Шет елдіктер Қазақстанға қызығушылығын танытып, мұнай мен металлургия, химия саласына инвестициялар беруде. Көршілес елдер мен ірі державалар Қазақстанмен көп бағытта инвестициялық қарым-қатынас орнатуда, қаржы саласын дамытуда. Жаһандық деңгейдегі ЕАЭО, АӨСШК, ШЫҰ, ИЫҰ, ЕҚЫҰ ұйымдарымен және тағы басқалармен маңызды кездесу мен форумдар өткізілуде.

Бұл елдің жетістігі деп алатын болсақ, кемшіліктері де көбеймесе, азаймай тұр. Көптеген сала жаңа технология мен автоматтандырылған жүйені қажет етеді. Дегенмен, отандық кәсіп орындар қазіргі кезеңде тек пайда табудың көзі ретінде бағалануда, өндіріс құралдарын жетілдіруге деген ұмтылыс байқалмайды. Осы тұрғыда мемлекет кәсіпорындарды жекешелендіруге ұсынған кезде, оның технологиялық даму үрдісіне қатысты инвесторларға үлкен және нақты талаптар қоюы ұсынылады.

Бүгінгі күнде жаһандық мәселеге айналған экологиялық ахуал. Өндіріс қоршаған ортаға кең көлемде проблемалар туғызып отыр. Мысалға алатын болсақ, Балқаш қаласы. Балқашта түсті металлургия өндіретін завод орналасқан. Одан шыққан газ Балқаш тұрғындарын ғана емес, осы аймақтағы барлық экологияны улап жатыр. Бұл табиғатқа, халыққа кері әсер етпесе, оң әсер бермейді. Сонымен қатар, кен орындарын игерген кезде, оның қалдықтары сыртқа шығарылып, ауаны ластайды. Бұған жол бермеу үшін мемлекет тарапынан әртүрлі іс-шаралар жүргізілуі қажет деп санаймыз. Біріншіден, ірі кәсіпорындарға зиянды газдардан тазалайтын құрылғылар орнатуды міндеттеу, кен қалдықтарын екінші мәрте игеру, қалдықсыз өндірісті көтермелеу және т.б. шараларды мемлекеттік деңгейде ұйымдастыруға мұрындық болу жөн.

Қазақстанда ауылшаруашылығы экономика саласында ең маңызды және ең қажет сала. Себебі, бұл сала халықты азық түлікпен қамтамасыз етіп, нарықтық экономикаға табыс әкеледі. Халықаралық деңгейде Қазақстаннан шығатын бидай сұранысқа ие. Бидай экспорттың алдыңғы қатарын бастайды. Елімізде сонымен қатар кейбір өңірлерде экологиялық таза болғандықтан, органикалық өнімдер алынады. Жалпы, жыл сайын ауылшаруашылығына көптеген субсидия бөлініп отырады. Бірақ бұны халық қаншалықты игере алуда? Кейбіреуі бөлінген субсидияны алып, басқа салаға құюда. Нәтижесінде мемлекеттің ізгі идеясы жеткілікті деңгейде іске аспайды. Ауылшаруашылығында білікті

маман, кадр жетіспеушілігі қазіргі ішкі мәселенің бірі болып отыр. Жастардың көбісі қалаға шоғырланған және көбісі ауылшаруашылығымен айналысқысы келмейді. Технология жеткіліксіз және ескірген болуы өнім өндіруді қиындатады. Сондықтан, ауылшаруашылығына кәсіби мамандарды тарту үшін, осы салаға маман дайындайтын жоғарғы оқу орындарына грант бөлуді көбейту, ауылшаруашылығы мамандарының еңбекақысын көтеру шараларын қарастыру ұсынылады.

Ендігі жерде, мемлекеттің саяси қызметіне тоқталатын болсақ, ол ішкі және сыртқы саясатты қамтиды. Ішкі саясат халықтың мүддесін қорғап, сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталады, сыртқы саяси қызмет еліміздің халықаралық аренадағы орнын бекітуден көрінеді.

ҚР Конституциясы 1 бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бекітілген [1]. Осы тұста халық мемлекеттік билікті іске асырушы басты субъект. Демократиялы ел болғандықтан, барлығы еркін түрде жүзеге асырылады. Тәуелсіздік алғалы халықтың азаматтық құқықтары мен бостандықтарының қорғалу деңгейіне аса мән беріледі. ҚР азаматтарының құқығы сақталған, егер қандай да бір құқықбұзушылық орын алған болса, оған белгілі бір мөлшердегі мемлекеттік ықпал ету шарасы тағайындалады. Мемлекет азаматтардың құқығын қорғайды және қамтамасыз етеді. ҚР азаматының құқығы туылғаннан танылады және оларға кепілдік беріледі.

Қазақстан Республикасында саяси плюрализм танылады. Елімізде «Саяси партиялар туралы» заң бойынша, сан алуан саяси көзқарастағы партиялар құрылып, әрекет ете алады. Бірақ, елдің конституциялық құрылымын, әлеуметтік және діни тыныштығын бұзуға үндейтін саяси партияларға жұмыс істеуге тыйым салынған. Елімізде бүгінгі күнде заңды тіркелген 7 партия қызмет етеді. «Amanat» партиясы елдің жетекші партиясы болып табылады. Мемлекеттік басымдыққа ие болып, ұстанып отырған саясаты елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылығын сақтауға бағытталған. 2002 жылы құрылған либерал-демократиялық бағыттағы «Ақ жол» партиясы шағын және орта бизнесті қолдауға, экономикалық реформаларды жүзеге асыруға баса назар аударады. «Қазақстан халық партиясы» әлеуметтік теңдікке, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған саясат жүргізеді. «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы ауыл шаруашылық мәселелерін қамтиды. Ауылдық аймақтардың дамуын, аграрлық секторды қолдауға бағытталған. 2023 жылы тіркелген «Respublika» партиясы шағын және орта бизнесті қолдау арқылы, аймақтардың тең дамуы сияқты мәселелерді көтереді. Жаһандық мәселеге айналған экологиялық проблемаларды «Байтақ» жасылдар партиясы алға тартады. Қоршаған ортаны қорғауды насихаттайтын саяси партия. Демократиялық құндылық, адам құқықтарын қорғау және әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуді көздейтін «Жалпыұлттық социал-демократиялық» партиясы да тіркелген. Қазақстандағы саяси үдерістер демократиялық құндылықты нығайта отырып, халықтың саяси белсенділігін арттыруға бағытталған. Саяси партиялар ел дамуындағы өзекті мәселелерді шешуде маңызды болып табылады. Бірақ, өкінішке қарай партиялардың біреуін білсе, екіншісін білмейді. Тіркелді деген аты ғана болмаса, халықпен араласу белсенділігі төмен. Олар тек сайлау кезінде халықтың қолдауын алу үшін, ерекше назар аудартуға тырысады. Сайып келгенде, сайлау аяқталған сәттен бастап халықпен араласу деңгейі төмендейді. Халық пен партиялар арасында ашық диалог жетіспеушілігі де басты назарды алып отыр. Сол себепті, партиялар тек сайлау кезінде емес, тұрақты түрде де халықпен кездесіп, өз бағыттары бойынша түсіндірме жүргізе отырып, жастарды қоғамдық істерге араластыру қажет деп санаймын. Арнайы форумдар, әртүрлі тренингтер өткізе отырып, заманауи технологияны дұрыс жағынан пайдаланып, жастардың қызығушылығын ашу маңызды болып табылады.

Сыртқы саясатта Қазақстан біршама жетістікке қол жеткізе білді. Жас ел болса да халықаралық деңгейдегі мәртебеміз күн санап өсе беруде. Сыртқы саясатта елдің қауіпсіздігін сақтап, экономикалық және саяси қарым-қатынасын бекітіп отырады. Көрші

жатқан мемлекеттермен де, теңіздің арғы жағындағы ірі мемлекеттермен де татулық байланыс орнатқан. Тәуелсіздік ала салып, көзге түсіп халықаралық аренада басты рөл ұстап отырған БҰҰ мүше ел болып табыламыз. Сонымен бірге, көптеген халықаралық ұйымдарға белсенді қатысып, өзіндік ұстанымды білдіруге толық мүмкіндік бар. Қазақстан Республикасы 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалық етіп, тиімді шешімдерді қабылдауға ықпал етті. Қазақстан көп бағытты жолды таңдайды. Сыртқы саясатта өңірлік және әлемдік мәселелерді шешуге атсалысады. Оған мысал ретінде, Ресей мен Украина мемлекеттерінің арасындағы әскери қақтығысты шешуге мүдделі тарап ретінде үйлестіру, келіссөз жүргізу арнасы болу туралы ұсынысын айтуға болады. Қазақстан көптеген елдермен транзиттік байланыс орнатып, дипломатиялық қарым қатыныс орнатуда. Сонымен, сыртқы саясатта Қазақстан Республикасы беделді мемлекеттердің бірі болып табылады. Елдермен жоғары деңгейде араласу ертең жас буынның дамуына, елді көркейтуге әкеледі.

Мемлекет халықпен тығыз байланысты. Халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік жағдайын бағалау арқылы мемлекетті тани аламыз. Заманауи өркениетті мемлекет ретінде Қазақстан әлеуметтік бағытты ұстанады. Демек, халықты қамтамасыз етіп, өмір сүру деңгейін көтеру мемлекеттің басты міндеттерінің қатарын құрайды. Елде орташа өмір сүру деңгейі біршама жақсарды, денсаулық сақтау және тегін орта білім әлеуметтік саланың он жағы деп есептеуге болады. Қайшылықтарына келетін болсақ, елде әлі де болса әлеуметтік теңсіздік қылаң береді. Мысалы, Астана, Алматы тәріздес ел астанасында және республикалық маңызы бар қалаларда өмір сүру деңгейі жоғары болса, ауылдық жерлерде әлі төмен. Электр, су жүйесі, әлеуметтік қызмет көрсету салалары ауылдық жерлерде төменгі деңгейде дамыған. Жастар арасында жұмыссыздық белең алып отыр. Мәселенің тағы біреуі: жалақының айырмашылығы. Ауыл-қала арасында еңбек ету барысы және оған төленетін еңбекақы деңгейі әртүрлі. Ауылда еңбек ету өндіріс құралдарының жетілмеуі себепті ауырлығымен сипатталады, бірақ төленетін еңбек ақы еңбектің ауырлығына сәйкес келмейді. Бұл әлеуметтік теңсіздік пен халық наразылығын тудырады, жастардың басым түрде ауылдық жерлерде тұрақтап тұрғысы келмейтіндігінің негізін құрайды.

Қазақстанда сонымен қатар әлеуметтік жағынан әлсіз топтар бар. Олар арнайы қамтамасыз ету мен жәрдемақыны қажет етеді. Біріншіден, мүмкіншілігі шектеулі жандар жұмыс істеуге, табыс табуға қауқары жоқ болып табылады. Осыны негізге ала отырып үкімет арнайы қаржы бөлген. Ең азы дегенде бұл бізде 90 000 теңгені құрайды. Екіншіден, баспана мәселесі ең ауқымды болып отыр. Жалпы барша халықтың проблемасына айналған бұл тақырып әлі де шешімін таппады. Үшіншіден, тағы да инфрақұрылым даулы болып тұр. Шұрық тесік жолдар, арнайы жолдар дұрыс салынбауы қиындық туғызып отыр. Бұл азаматтар үшін алаңдаушылық тудырады. Бұл біз білетін мәселенің басы ғана болып табылады [2].

Екінші кезекті көпбалалы отбасы құрайды. Орта есеппен алғанда әр үш отбасының біреуі көпбалалы отбасы бойынша тіркелген. Көпбалалы деп 4 немесе одан көп балалы болған отбасыны айтамыз. Жалпы, көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы 59 000 басталып 103 000 болып табылады. 5 балаға орта есеппен 73 000 беріледі. Шындығына келгенде, бұл жәрдемақы жеткіліксіз. Алатын соманы 5 балаға бөлгенде әр балаға 14 600 тенге шығады. Қарты бар үйдің қазынасы бар деп айтқандай, енді зейнет жасындағы қарияларға келетін болсақ, бүгінгі күні зейнетақы мөлшері өмір сүру деңгейімен салыстырғанда сәйкес келмейді. Қорыта келгенде, елімізде әлеуметтік бағыт бойынша атқарылар жұмыстар көлемі жеткілікті.

Мемлекет мықты дамып, жетілуі үшін ұлттық саяси элита қалыптастыру қажет. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Білімді жастармен мемлекет те көркейе түседі. Қазір бой салыстыратын заман емес, ой салыстыратын заман демекші, 21 ғасыр білімнің дәуірлеу кезеңі болып табылады. Сонымен қатар, әлемдік аренада бәсекелестікке түсуге, өмір сүру сапасын жақсартуға көп мүмкіндік ашады. Қазақстан білім саласына баса қатты көңіл аударады, Мектептерде көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Мысалға әртүрлі олимпиадалар және жарыстар. Бұл оқушыларды білімге ынталандырады. Бүгінгі күн әртүрлі

технология дамыған заман. Осыған сәйкес мектептерде ІТ кабинет жеке ашылған. Ол балалардың ойлау қабілетін жақсартып, жаңа технологиялар ашылуына әкеледі. Цифрлы Қазақстан аясында ұйымдасқан бұл білім жастар болашағын сөзсіз ашуда. Балалардың тіл білімін жақсарту үшін 3 тілді білім беру ұйымдастырылған. Бұл жастарға үлкен мүмкіндік болып табылады. Оқыған бала шет елге шығып, елді әлемге паш етеді, бұл білім сапасы жақсаруының жақсы көрсеткіші.

Дегенмен, елдегі аймақтық білім жүйесі бірдей емес. Ірі қалаларда білім беру жақсы дамып, ауылдық жерлерде дұрыс қарастырылмаған. Мектептер ескі технологиямен жабдықталған, білікті маман жетіспейді. Білікті мамандар ауылдан бас тартып, қалаға шоғырлануы ауылдық жерде маман тапшылығына алып келеді. Балалар интернетке сеніп алған. Мектепте ұстаз тапсырма берсе, дайын жауабын ғаламтордан көшіріп береді. Бұл баланың ойлау қабілетін төмендетіп, дайын затты қолдана салуы қиындық туғызады. Барлық аймақта тек бір білім жүйесі болуы қажет. Ақпарат бәріне бірдей болуы орынды.

Тәуелсіздік алғалы елімізде ғылым жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Жыл сайын технологиялар дамып, инновацияға қол жеткізіп келеді. Елде бірнеше ғылыми институттар жұмыс істейді. Химия, мұнай газ, биотехнологияда жетістікке жетті. Қазақстанда ғылыми жобалар жасалып, халықаралық деңгейде қорғалады. Әртүрлі технология ойлап табылады. Мемлекет бұл салаға баса көңіл аударған. Алайда, елде инновация деңгейі төмен болуы көңілді су сепкендей басады. Елде кейбір инфрақұрылым, зертхана, материал ескірген, сапасы төмендеу болғаны шет елмен бәсекеге түсуге кедергі болып отыр.

Табиғат пен адамзат бір біріне тығыз байланысты. Дүниеге келгеннен бастап біз ауамен демаламыз, жасыл желекпен ауамыз тазарып отырады. Бірақ бұны бірі түсінсе, бірі түсінбейді. Бүгінгі күні экология айтарлықтай мәз жағдайда емес. Экологиялық дағдарыс күннен күнге ушығып барады. Адамдар өз қолымен табиғатқа кері әсерлерін беруде. Бұл проблема тек бір мемлекетті, ұлтты ғана емес, төрткіл дүниені алып отыр. Мамандар күн сайын табиғатты аман сақтап қалудың амалдарын ойлап отыр. Бірақ адамдардың кейбір ессіз тірліктері жалғаса берсе, бұл проблема әзір шешімін таппайды. Халық санының күрт өсуі табиғатқа кері әсер тигізеді.

Ең бірінші озон қабатының бұзылуына тоқталсақ. Озон қабаты бізге қорғаныш болып табылады. Ол бізді күннің ультракүлгін сәулелерінен қорғайды. Күннің сәулесі өте зиянды болып келеді. Егер озон қабаты бұзылса, күн сәулесі біздің денемізге тиіп ауыр жарақат беруі мүмкін. Ғарыш кемелері ұшырылуы, ауылшаруашылығында азот тыңайтқыштарын қолдану, хлор және оттегімен қосылыс пайдалану озон қабатын бұзуға әкеп соғады [3].

Екінші жағдай – су тапшылығы. Бұл экологиялық күрделі мәселенің біреуі болып табылады. Сусыз адам өмір сүре алмайды. Біздің денеміздің жартысынан көп бөлігі судан құралған. Қазіргі таңда судың азаюы халық алаңдатушылығын тудырады. Суды үнемсіз пайдалану су тапшылығын тударады. Ресурсты бейберекет шаша беру дұрыс емес. Бүгінге 2,2 млрд. адам таза ауыз суға жете алмай отыр. Өзен-көлдердің күрт тартылып қалуы жақсылықтың нышаны емес екенін еске алған жөн. Жай ғана Қазақстанның батыс өңірін еске алатын болсақ, бір жылдары құрғақшылық орнаған жоқ па? Нәтижесінде төрт түлік мал да, адамдар да зардап шекті [4].

Үшінші мәселе, ол бізде жасыл желек азайып бара жатқаны. Орманды алқаптарды адамдар кесіп өз қажеттілігіне пайдалануы. Орман кесу табиғатқа айтарлықтай зиян тигізеді. Биоалуантүрлілік азайып, климат өзгеруіне әкеп соғады. Қазақстан жер көлемі бойынша 9 орында тұрса, орман 4 пайызды ғана құрайды. Оның өзі 2 жыл бұрын елімізде орман өрті орын алған, а дейінгі мәлімет еді. Бүгінгі күні жасыл желек азаймаса, көбеймей отыр. Оның бірнеше себебі бар. Ағаштың өнеркәсіпте, жиһаз жасауда сұранысы артып келеді. Сол себепті адамдар оны тиімді-тиімсіз деңгейде қолданады. Қағаз өндірісінде де ағаш қажет болып табылады. Инфрақұрылым яғни жол, қала салынған кезде орманды алқаптар жиі кесіледі. Ормансыздану топырақ деградациясына және эрозияға ұшырауға әкеп соғады. Нәтижесінде ауылшаруашылығына да кері әсер береді. Сондықтан, қолда бар байлықты

үнемді, тиімді пайдалану әлі де болса, күн тәртібінде тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармау орынды.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру жолымен қабылданған өзгерістері мен толықтыруларымен қоса // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

2 Айман Ж. Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарымен қалай жұмыс істейді? // <https://ekonomist.kz/kz/zhussupova/halyqtyn-aleumettik-alsiz-toptar/> //

3 Жанатаев Д., Ерлан Г. Озон қабатының бұзылуы және салдары // <https://massaget.kz/blogs/ozon-kabatyinyin-buzyiluyi-jane-saldaryi-28335/> //

4 Руслан Р. Су тапшылығы: себебі мен салдары // <https://egemen.kz/article/337427-su-tapshylyghy-sebebi-men-saldaryi> //

*Серік А.Н.*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
заң факультетінің Ю-24-1 тобының студенті*

*(Ғылыми жеткеші мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., Серікбаева С.С.)*

## **ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Қазақ даласы сан ғасырлық тарихы бар дала демократиясын ұстана отырып

бейбіт жолмен қантөгіссіз құрылған мемлекет. Демократия теңдік пен әділеттікке негізделіп, бүгінгі күнде ел болып қалыптасуымызға үлкен септігін тигізіп отыр. Демократиялы мемлекет астарында біз білмейтін біраз дүние жатқаны анық. Халық еркіндігін мойындайтын бұл саяси режим қазақ халқына таңсық мәдениет емес керісінше жақын болып табылады. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?

Қазақ қоғамының басқару жүйесінде би-шешендер институты ерекше орын алды. Олар дау-дамайды шешуде, әділеттілік орнатуда, халықтың тұрмыс-тіршілігін сақтауда басты тұлға болып саналды. Халыққа жақындылығымен, заңгерлік және сот жағына, әдет-ғұрыпты сақтай отырып әділ шешім шығарумен ерекшеленді. Дауларды шешу жария түрде елдің алдында өтетін. Бұл халық алдында әділеттілікті сақтау үшін маңызды болды. Қазақ қоғамында сөз бостандығы дала демократиясының ең маңызды белгісі болып саналды. Баяғы деректерге көз салсақ, би-шешендер халықтың пікірін тыңдай отырып, қай жағы дұрыс қай жағы бұрыс екенін аңғарып екі жаққа тең шешім шығарған. Дала демократиясының негізінде қалыптасқан бұл жүйе әрбір жеке тұлғаның өз ойын ашық білдіруге құқылы болды. Сөз бостандығы тек сөйлеу ғана емес, сонымен қатар қаралып жатқан мәселені ашық талқылап, ешқандай қайшылықсыз шешім шығару болды. Билердің қатысуымен пікірталас алаңы да қалыптаса бастады. Олар бір-бірін тыңдай отырып, кез-келген мәселені даналыққа салып, шешендік сөздермен қоғамдағы тәртіпті заңдық негізде қалыптастырды. Еркіндікке ұмтылған қазақ халқы сол кезден-ақ пікірталас алаңын ашып, бүгінгі күнге дейін қоғамдағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды құралы болып саналды. Дала демократиясының тағы бір көрінісі ретінде дәстүрлі құқық жүйесіндегі құқықтық заңнама «Жеті Жарғы» болып саналды. Заң нормасы әрбір адамның құқығын қорғауға тырысты. Ханнан бастап шаруаға дейін заң алдында тең деген принципті ұстана отырып, халықтың ажырамас тұтастығын, бірегейлігін ұстап отырды.

Дала демократиясы жазалау әдістерімен де ерекшеленді. Қоғамдық тәртіпті нығайта отырып олар екі жақтың тараптарын татуластыруға тырысты. Қазақтарда түрме,зындан деген ұғым болмады. Кінәлі адамды әрқашан қылмысына лайықты жазамен жазалап отырды. Қазақтың ең керемет көрінісінің бірі кек алу жолдарын алдын алу болып саналды. Екі